



ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ПРАВО И ГОСУДАРСТВО



*Когамов М.Ч.
"К вопросу о
развитии некоторых
актуальных
направлений
деятельности
органов прокуратуры
по обеспечению
принципа
законности"*

*Алауханов Е.О.
"Проблемы
соотношения
национального
уголовного права с
международным
уголовным правом"*



*Сарсембаев М.А.
"Сравнительно-
правовой анализ
конвенции о
согласовании условий
проведения контроля
грузов на границах и
таможенного кодекса
Республики Казахстан"*

№ 2 (47)
2010 ж.



*Шапак У.
"Ру жиналысы
зе-дің
демократиялық
негізі"*



МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

ҚазГЗУ Президенті, з.ғ.д., профессор М.С. Нәрікбаевтың 70-жылдығына арналған құттықтаулар.	
Материалы к поздравлениям 70-летия Президента КазГЮУ, д.ю.н., профессора Нарикбаева М.С.	6

Біздің қонақтар Наши гости

<i>Алауханов Е.О.</i>	Проблемы соотношения национального уголовного права с международным уголовным правом.....	37
<i>Таймерденов М.Т.</i>	Экспертиза в главном судебном разбирательстве процессуальные и тактические аспекты.....	42

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихының өзекті мәселелері Проблемы теории и истории государства и права

<i>Шапақ У.</i>	Ру жиналысы эе-дің демократиялық негізі	50
<i>Досымбеков Д.К.</i>	Правовой обычай в системе источников современного права	53
<i>Турлаев А.В., Султанова С.С.</i>	Теория прав человека как основа развития гражданского общества.....	56
<i>Нугуманова Б.К.</i>	Некоторые теоретические аспекты международного правового регулирования защиты прав детей.....	62
<i>Жолдыбаев А.А.</i>	О некоторых аспектах деятельности Комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан.....	72
<i>Ракишева А.Ш.</i>	Правовые аспекты вхождения Казахстана в европейское образовательное пространства: Болонская декларация.....	83

Конституциялық құқық және мемлекеттік басқару Конституционное право и государственное управление

<i>Сарсембаев М.А.</i>	Сравнительно-правовой анализ конвенции о согласовании условий проведения контроля грузов на границах и таможенного кодекса Республики Казахстан.....	89
<i>Алимбеков Ж.М. Сарпеков Р.К.</i>	Понятие административной ответственности.....	101
	Административное судопроизводство - важное направление судебной реформы в Казахстане.....	109
<i>Укин С.К.</i>	Некоторые методологические аспекты соотношения конституционно-процессуальных, гражданских процессуальных и уголовно-процессуальных норм.....	123
<i>Жусупов А.Д., Ахмеджанова И.М. Тагаев А.У.</i>	Бюджетные реформы Республики Казахстан.....	131
	Становление парламентаризма в Республике Казахстан, политико-правовые проблемы.....	138
<i>Мусина К.А.</i>	Особенности правового статуса субъектов банковского страхования.....	152
<i>Жумабекова С.О.</i>	Административное правонарушение: понятие и признаки.....	155



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Қашаннан туған халқының қамын ойлап, елдің мүддесіне талмай қызмет еткен арда азаматтың кемел шағын, бүкіл саналы ғұмырын еліміздің құқықтық саласының қалыптасуына арнаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, іргелі ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде үлкен абырой-беделмен қарсы алып отырсыз.

Қатардағы заңгерліктен бастап Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Жоғарғы Сот төрағасы дәрежесіне дейін көтерілген еңбек жолыңыз – ізденімпаздық пен іскерлікті, терең білім мен ұлттық тәлімді мұрат еткен кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екені даусыз. Мемлекеттік қызметтің қай сатысында болмасын, білікті басшы, кәсіби ұйымдастырушы, абзал азамат, ұлттық құндылықтардың, мемлекеттік тілдің шынайы жанашыры, үлкен жүректі ел ағасы ретінде танылдыңыз.


Бүгінде Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің басшысы, қоғам қайраткері ретінде еліміздегі заң ғылымының, құқықтық реформалардың әрі қарай дамуына, демократиялық үрдістердің нығаюына, тұтас заңгерлер буынын тәрбиелеуге зор үлес қосып келесіз.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы, 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге зор денсаулық, еңбегіңізге абырой, отбасыңызға амандық тілеймін!

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Кәрім Мәсімов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сонау Теміртауда қайнаған өмір мектебінен алған тағылымды тәрбиеңізді әлі күнге дейін жаныңызға серік етіп келесіз. Атқарған қызметтеріңіздің қай-қайсысына тоқталсақ та елі үшін ұйымдастырушылық қабілетін аямай жұмсаған білікті басшының бейнесін танимыз.

Өзіңіздің қолға алған әрбір ісіңізде біліміңізді, өмірлік тәжірибеңізді ел намысы, ұлт мүддесіне арнап келесіз. Қарапайым тергеушіден бастап Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Жоғарғы Сот Төрағасы, Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің президенті лауазымына дейін көтерілуіңіз – жас ұрпаққа гибрат аларлық өнеге.

Сіз Отандық құқықтану саласында ғылыми мектептің негізін салушылардың бірісіз.

Елбасының саясатын қолдап, «Әділет» партиясының жетекшісі ретінде азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру жолында аянбай тер төгіп келесіз.

Сіздің білікті басшылығыңыздың арқасында Астана қаласында бой көтерген Қазақ Гуманитарлық Заң Университеті білімді дамытуда және кәсіби жетілдіруде қазіргі заман талаптарына сәйкес озық технологиялармен жабдықталып, алдыңғы қатарлы ғылыми-оқу орталығы ретінде танылып келеді.

Ерен еңбегіңіз екінші дәрежелі «Барыс», «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальдармен бағаланып, ғылымда алыс-жақын шет ел мойындаған ғалым-заңгер атанып отырсыз.

Осынау атаулы мерейтойыңызда Сізге зор денсаулық, өмірлік күш-қуат, отбасыңызға береке-бірлік тілеймін.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Төрағасы, «НұрОтан» ХДП
Мәжілістегі Фракциясының жетекшісі**

Орал Мұхамеджанов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жастың белесіне шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Кезінде Талдықорған қалалық прокуратурасының тәлімгері ретінде еңбек жолыңызды бастаған Сіз осынау жылдар ішінде қарапайым заңгерден танымал тұлғаға айналып, мемлекет пен қоғамның белгілі қайраткері, білікті заңгер, білімді ұстаз болып қалыптасып, өмірдің үлкен мектебінен өттіңіз.

Іскер ізденімпаздық пен талмас талаптың үлгісін көрсеткен Сіз әртүрлі жауапты қызметтерде принципті басшы, іскер азамат екеніңізді таныта білдіңіз. Қазақстандағы сот жүйесінің жаңа заманға сай бекіп, қалыпқа түсуінде заңгерлік қолтаңбаңызды танытып, осы саладағы реформалардың өрістеп, өркендеуіне бастамашылдық пен білімпаздық көрсетіп, тәуелсіздіктің тірегі болған тұғырлы заңдардың қабылдануына атсалыстыңыз.

Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және өркендету тұрғысында ұсыныстарыңыз уақыт талабынан шығып, ел егемендігіне еңбек етуде. Сіз басқаратын «Әділет» партиясы қоғамды одан әрі демократияландыру бағытында талапшылдық пен бастамашылық көрсетіп келеді. Кезінде еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жанындағы Демократия мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі ретінде қоғам дамуындағы парасатты пікірлерге, ел дамуындағы табыстарға ортақ үлес қостыңыз. Елбасының сындарлы саясатын қолдап, оны жүртішылқтың назарына ұсынуда азаматтық белсенділік танытып жүрсіз.

Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің басшысы ретінде жас ұрпақты тәрбиелеуде, отандық заңгер мамандарын дайындауда, ғылымдағы жастарды баулуда мол тәжірибеңізді пайдаланып, ұстаздық ұлағаттылық көрсетіп келесіз.

Бүгінгі мерекелі күніңізде мен Сізге алда да табыс пен сәттілік, отбасылық бақыт, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы –
Сыртқы істер министрі**

Қанат Саудабаев



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді бүгінгі туған күн қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Көрнекті қайраткер ретіндегі Сіздің жарқын істеріңіз бірлік пен тұрақтылықты насихаттауға қосқан үлесімен аса құнды және зор құрметке лайық.

Алдағы уақытта да сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі жолында жемісті еңбек етіп, абырой-беделге кенеле беріңіз дегім келеді.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке мен шуақты күндер, қызметіңізге толағай табыстар тілеймін!

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі

Ә. Жақсыбеков



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жасқа толған бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сізді қазақстандықтар ұлтжанды азамат, қоғам қайраткері, салмақты ой айтар белгілі саясаткер, жоғары дәрежелі білікті заңгер ретінде жақсы біледі.

Ұзақ жылдар бойы заң саласында қызмет атқарып, бүгінгі таңда өмірлік жинақтаған озық та кәсіби тәжірибеңізді еліміздегі бірден-бір салалық жоғары оқу орны Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің басшысы қызметінде де ғылыми тұрғыдан білім беру жүйесінің жаңа астарларын ашып, жас кадрларды даярлау ісіне жұмсап келесіз.

Өзіңіз басқарып отырған білім ордасынан шыңдалып шыққан талай кәсіпқой заңгер мамандар мемлекет мүддесіне табысты еңбектің үлгісін көрсетуде.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы, торқалы мерекеңіз баянды болсын.

Сізге мықты денсаулық, ұзақ гұмыр, отбасыңызға аманшылық, шаңырағыңызға шаттық пен құт-береке тілеймін.

Ізгі тілекпен,

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрінің

Бірінші орынбасары

Н. Әбіқаев



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді өз атымнан және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі атынан 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Осынау қуанышты күнге ел үшін атқарылған көп жылдық еңбегіңіздің мол жемісімен, білім мен ғылым жолындағы қол жеткен тамаша табытарыңызбен келіп отырсыз.

Ұзақ жылдар бойы құқықтану саласының қыр-сырын жетік білетін білікті ұстаз, ұтқыр ұйымдастырушы, жігерлі жетекші, ғалымдық пен ұстаздық тізгінін тең ұстаған талантты тұлға ретінде атқарған ізгі қызметіңізді еліңіз жоғары бағалайды.

Еңбек жолдарыңыз, туған елдің асыл мұраттарына деген шынайы жанашырлығыңыз, еңбектегі талапшылдығыңыз, табандылығыңыз және адамгершілік қасиеттеріңіздің барлығы берекелі отбасыңыздың куәсі болып отыр.

«Өмір еңбексіз ештеңе бермейді» деп ұлылар айтқандай, ұлағатты еңбегіңіз лайықты бағаланып, мемлекеттік жоғары атақтарға ие болдыңыз.

«Еңбек ардагері», «Астана естелік медалі», «Парасат ордені», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», «Құрметті судья» атағы, кеудеңізде «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл» медалі, «Астанаға 10 жыл» медалімен және «Барыс» атты төс белгілері жарқырап, мемлекет басшысының алғыс хатымен марапатталдыңыз.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы! Адам өмірінің биік белестерінің бірі – бүгінгі ақылгөй аға жасына жеткен туған күніңізде Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, мол бақыт тілеймін. Халқымыздың игілігіне жемісті еңбек ете беріңіз. Өзіңізбен бірге тойлайтын шуақты күндеріңіз көп болғай.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

Ж. Түймебаев



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

70 жасқа толған торқалы тойыңызбен құттықтауымды қабыл алыңыз.

Өмірі мен кәсіби жолы көпшілікке үлгі боларлық ардақты азаматтарымыздың бірісіз. Қазақстанның заң саласында есіміңіз елге танылып, асқақ абыройға ие болдыңыз. Осы салада жазған ғылыми еңбектеріңіз бірнеше толқын заңгерлер үшін таптырмас білім көзі болды.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасу процесіне белсене араластыңыз. Еліміздегі сот, прокуратура жүйесінің дамуына өзіңіздің қосқан үлесіңіз үлкен. Сіз секілді азаматтарымыздың көп жылғы қырағы қызметі арқасында елімізде әділет пен құқықтық тәртіп сақталуда.

Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің негізін салып, басқару үстінде заң саласының жоғары білікті мамандарын әзірлеп, игілікті іске көшбасшы болдыңыз.

Терең біліміңіз, кең көкжиегіңіз, көп жылғы ұлан-ғайыр тәжірибеңіз арқасында Қазақстанның қоғамдық және саяси өмірінде маңызды шешімдер қабылдауға атсалысып келесіз. Ұлттық кеңеске, Елбасы жанындағы құқықтық саясат бойынша кеңеске мүше ретінде еліміздегі тәртіп пен заңдылықтың сақталуына еңбек сіңіріп отырсыз.

Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге мұқалмас мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажыр-қайрат тілеймін. Абыройлы еңбегіңіздің жемісін көріп, бедел мен құрметке бөлене беріңіз!

Ізгі ниетпен,

Республикалық ұлан Қолбасшысы

генерал-лейтенант

А. Тасболатов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Ер кісінің жігіттік жырғасы, ағалық жасына шыққан туған күніңіз құтты болсын!

Біз Сізді, қазақтың рухы мен далалық дүниетанымын діңгек еткен, табиғат толғағынан туған дара азамат деп білеміз.

Біз Сіздің ұлттық рухани мәдениетіміздің қазынасын, ұрпақ білімін байытуға бағытталған игілікті істеріңізді үлгі тұтамыз. Ұзақ уақыт салмағы басым көрші елдің көлеңкесінде қалған, егеменді қазақ елінің құқықтық көшін оңдау, егемен жылдары бой түзеген ұлт жастарын жаһанданудың жойқын соққысына ұрындырмай, өз ұлтының мәдениет мәйегінен ашақтатпай білім беру жолында сіңірген еңбегіңіз ел болашағына құйған инвестициямен тең.

Аға толқын өкілдері, ұлт зиялылары өздерінің алдына әрқашан азаматтық борыш, ұлттық парыз ретінде қоятын биік мақсат – елдің бірлігін сақтау. Болашақ ұрпақтың өсіп-өркендеуі, заңды тарихи орнының сақталуы аға буынның қоғамдық келісімді нығайтуға байланысты айтқан ізгі ойлары, қалдырған игілі істеріне байланысты. Қазақ елінің жастары Сіз сияқты ұлт үшін жаны күйетін, патриоттық рухы жоғары адал азаматтарға қарап бой түзеп, ел бірлігі үшін аянбай еңбек етеді деп сенеміз.

Халыққа адал қызмет етіп, еліміздің дамуына зор үлес қосып, Отанның болашағы, Қазақстан халқының бірлігі үшін атқарып жатқан игілікті істеріңіздің жемісін көріңіз.

Барлық уақытта туған еліміздің төрінен лайықты орын алатын, дара дарынмен туған, ешкімге еліктемеген, өзіндік қасиет-болмысымен айрықшаланған тұлға ретінде бақытты және тамаша өмір жолында биіктен көріне беріңіз!

Жаныңызға саулық, отбасыңызға амандық, толағай табыс тілейміз.

**Ізгі тілекпен,
Қазақстан халқы Ассамблеясы
Төрағасының орынбасары**

Е. Тоғжанов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің тәуелсіздігі жолындағы атқарып келе жатқан еңбектеріңіздің бәрі Сізді үлкен абыройға жеткізді. Біліктің барлық

буындарында қызмет істеп, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері болып қалыптастыңыз. Елбасы сеніп тапсырған міндеттердің бәрін де абыроймен атқарып, қай қызметте де биіктен көріне білдіңіз.

Қадірлі Мәке! Мерейтой қарсаңындағы ізгі ниетімді қабыл алыңыз.

Қызметіңіз табысты, отбасыңыз аман, бақ-берекелі болсын!

Ізгі ниетпен,

Қазақстан Республикасы

Мәдениет министрі

М. Құл-Мұхаммед

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Дария жасыңыз – 70 жылдық мерейтойыңызға байланысты ыстық лебізді қабыл алыңыз!

Әрдайым өзіңіздің әділдігіңізбен, азаматтық шыншыл позицияңызбен ерекшеленіп, абыройлы ісіңіз бен кәсіби білгірлігіңіздің арқасында тұғырлы қызметтердің түрлі сатыларында мол тәжірибе жинақтаған ізденімпаз да іскер, өрелі де өрісті басшы ретінде Елбасымыздың сеніміне ие болған ардақты тұлғасыз! Қазақстанның зайырлы, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекет ретінде тиімді, озық және дамыған экономикалық жүйемен дамуына, заң алдындағы құқықтық теңдікке қол жеткізуге, азаматтық қоғам қалыптастыруға мол үлес қосып, «заңға бағыну», «имандылыққа сай еңбек ету» принциптерін дәріптеп, қоғам тыныштығын сақтауға дәнекер болып жүрген кәсіби заңгер, мемлекет қайраткерісіз!

Еліміздің құқық жүйесінің дамуына сіңірген маңдай теріңіздің куәсі өлмес мұра, өшпес өнеге болып саналатын Сіздің ғылыми туындыларыңыз және жоғары біліктілікпен құқықтық көмек көрсетуге қабілетті заңгерлер дайындайтын университетіңізде білім нәріне сусындатып жатқан, болашақтың дарасы мен данасы шәкірттеріңіз.

Ел-жұрттың алғысына, адамдардың шын құрметіне бөлену нағыз абырой және аса зор бақыт!

Ағаш жапырағымен көрікті болса, адам баласы туған-туыс, ұрпағымен көрікті. Бүгінде еңбегіңіздің жемісін татып, төгілген тер, адал бейнетіңіздің зейнетін көріп, әкелік парызыңызды абыроймен өтеп, ұлыңызды ұяға, қызыңызды қияға қондырып отырған ұлағатты шаңырақтың ұйытқысысыз, немерелері сүйген қадірлі атасыз және еліңіз сыйлаған құрметті қариясыз!

Қадірменді Мақсұт аға! «Құндыз – асыл құнымен, ұлт – абзал ұлымен мақтанар»,- дегендей, осынау торқалы тойыңызда Сізге деніңізге саулық, қаржымас қайрат, қызметіңізге табыс, шаңырағыңызға береке-бірлік және әлемдегі барлық жақсылықтарды тілеймін!

Азаматқа тән айбатыңыз, ерлікке жетелер қайратыңыз мұқалмай, қабырғалы қазақ елінің мерейі мен мәртебесі үшін әрдайым абырой биігінен көріне беріңіз!

Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!

Аса зор құрметпен,

Есеп комитетінің төрағасы

Омархан Өксікбаев



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Тәуелсіз Қазақстанның ірі қоғам және мемлекет қайраткері, белгілі заңгер-ғалым, ұйымдастырушы педагог, демократиялық партия жетекшісі Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз Украинада, Днепордзержинск техникалық училищесінде оқып, елге оралып, спорт, ақпарат, мәдениет салаларында еңбек еттіңіз, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болдыңыз. Одан әрі ҚазМУ-ді тәмамдап, болашағыңызға кең жол ашқан заңгер мамандығын игеріп шықтыңыз. Жаңа қызмет баспалдағын Талдықорған қалалық прокуратурасында тергеушіліктен бастап, біраз жыл адвокат болып жұмыс істедіңіз. Үлкен сенімге ие болып, Қаратал ауданында судья лауазымын атқардыңыз.

1987 жылдан бастап биік белестерге жетелеген өміріңіздің жаңа кезеңі басталды. Сіз бұл кезде жоғары мемлекеттік органдарда жауапты қызмет атқардыңыз. ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісі болып, Қазақстанның жаңа мемлекеттік жүйесін қайта құруға, оның егеменді саясатын орнықтыруға тікелей атсалыстыңыз. Республика Бас прокурорының орынбасары, Жоғарғы Сот төрағасының бірінші орынбасары болдыңыз. Ал 1995 жылы үлкен сенім арқалап, ҚР Бас прокуроры болып тағайындалдыңыз. Одан соң ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы лауазымын атқарып, заң билігінің заңгер биігіне шықтыңыз.

Жоғары мектептің ұйымдастырушысы, заңгер-ғалым ретінде де Қазақ Гуманитарлық Заң Университетін басқарып, қаншама шәкірттер тәрбиелеп шығардыңыз, көптеген оқу құралдарыңыз бен ғылыми еңбектеріңіз жарық көрді. Бұдан кейін де көптеген мемлекеттік комиссияларға жетекшілік етіп, Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы, Қоғамдық палата төрағасының орынбасары болып, келелі істерге ат салыса білдіңіз. Әсіресе, қоғамды демократияландыру ісіне белсене араласып, қазіргі таңда «Әділет» демократиялық партиясына жетекшілік жасап келесіз. Ел алдындағы абыройлы еңбегіңіз үшін «Парасат», 2-дәрежелі «Барыс» ордендерімен, әртүрлі медалдармен марапатталдыңыз. Көптеген құрметті атақтарды иелендіңіз.

Біз Сізді еліміздің Президенті, партиямыздың Төрағасы Н. Назарбаевтың сенімді серігі, оның өміршең идеяларының талмас жақтаушысы әрі адал қолдаушысы ретінде жақсы білеміз. Өткен жылдары Ел Президентінің партиялар мен қоғамдық ұйым басшыларына арнаған үндеуіне сәйкес, «Нұр Отан» партиясы әріптестік туралы бастама көтергенде, Сіз басқаратын «Әділет» партиясы алғашқылардың бірі болып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы Меморандумға қол қойған еді. Бұл ел

болашағын ойлаған салиқалы саясаттың нәтижесі. Біз қоғамда әрдайым осындай әріптестік қарым-қатынас орнағанын қалаймыз.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы! Биылғы жылдың еліміздің өміріндегі айрықша жыл екенін өзіңіз жақсы білесіз. Бұл Елбасымыздың мерейін тасытатын атаулы жыл. Бүкіл еліміз Президенттің жаңа Жолдауынан бастау алған жарқын мұраттарға жұмылуда. Жолдау жер-жерде кең қолдау тауып отыр. Міне, осынау ұлы оқиғалармен тұспа-тұс келген мерейтойыңыз тағы да құтты болсын! Сізге, отбасыңызға амандық-саулық, бақыт пен табыс тілеймін, ел игілігі үшін жемісті еңбек ете беруіңізге тілектестігімді білдіремін.

«Нұр Отан»

Халықтық Демократиялық Партиясы
Төрағасының Бірінші орынбасары

Н. Нығматуллин



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Жетпіс жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын!

Сіз халыққа сөзінің тұрлауы бар, қазақтың асқақ қалпын, ақсүйек салтын, серілік сынын сындырмай абыройын ұлты үшін орнымен ортаға салған азамат,

ғалым-заңгер, көрнекті қоғам қайраткері ретінде танымалсыз.

Қазақстанның Демократиялық партиясының жетекшісі ретінде Сіз қоғамдағы демократияландыру, елімізде қазіргі заман талабы деңгейіндегі сайлау жүйесін қалыптастыруға сүбелі үлесіңізді қосып келесіз. Біздер, сайлауды ұйымдастырушылар, Сіздің қандай да болмасын саяси мәселелерге байыппен, ел мүддесі тұрғысынан қарайтын елімізіңіз бен ұстамдылығыңызды жоғары бағалаймыз.

Өсіп-өнген шаңырақтың отағасы, туған-туысқандардың арқа сүйер тірегі ретіндегі азаматтық тұлғаңыз, досқа деген риясыз көңіліңіз бен ақжарқын келбетіңіз де Сіздің ел сүйенер қасиетіңіз.

Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы! Бүгінгі торқалы тойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, отбасының амандығы мен береке-бірлігін тілеймін. Жарыңыз Қасиет Қадірқызы екеуіңіз ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышын, өсіп-өнгенін қатар көріп, ұзақ та баянды ғұмыр кешулеріңізге шын жүректен тілектеспін.

Қашан да ұрпақтарыңыздың, дос-жарандарыңыздың, әріптестеріңіздің, өзіңіз сияқты ақ пейіл, жайдары жандардың ыстық ықыласына бөлене беріңіз! Алға қойған игі мақсаттарыңыз бен үміт-армандарыңыз орындалып, әрқашан көңіліңіз шуақты, өміріңіз қуатты болсын!

**Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы
Төрағасы**

Қ. Тұрғанқұлов



Уважаемый Максут Султанович!

Сердечно поздравляю Вас с 70-летием со дня рождения!

Почти четверть века Вы посвятили государственной службе, связанной с деятельности в высших государственных органах и на благо процветания нашей страны – Республики Казахстан.

Работая на различных руководящих государственных должностях, в том числе в качестве Генерального прокурора Республики Казахстан, Председателя Верховного Суда Республики Казахстан, Председателя Высшего Судебного Совета Вы приобрели известность и уважение не только в нашей стране, но и далеко за ее пределами.

Вы – действительный член Комиссии по правам человека, член Совета по правовой политике. С декабря 2004 года были членом Национальной комиссии по вопросам демократизации при Президенте Республики Казахстан.

Ваша научная, образовательная и педагогическая деятельность внесли существенный вклад в развитие отечественной юриспруденции. Вы являетесь крупным ученым-юристом, известным в стране и за рубежом. Более 100 научных и общественно значимых авторских публикаций по актуальным проблемам уголовного права, криминологии и уголовного процесса, деятельности правоохранительных органов, по вопросам теории и практики правового регулирования деятельности судебной власти – яркое тому свидетельство.

В этот знаменательный день от всей души желаю Вам, Максут Султанович, крепкого здоровья, долголетия, радости, счастья и всего наилучшего!

**Председатель
Агентства Республики Казахстан
по управлению земельными ресурсами**

У. Узбеков



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді өміріңіздегі және отбасыңыздағы зор қуаныш 70 жасқа толған мерейтойыңызбен ізгі құттықтауымды қабыл алыңыз!

Қазақстан халқы Сізді белгілі ғалым-заңгер, еліміздің өз егемендігін алып, оны нығайтудың жауапты да абыройлы ісінде Елбасының үзеңгіліс серіктерінің бірі болған ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлтжанды азамат ретінде жақсы біледі.

Сіздің еңбек жолыңыз отандық құқық қорғау саласымен тікелей байланысты болып келеді. Осы салада қарапайым тергеушіден бастап, үздіксіз іздену мен талмай еңбектенудің арқасында Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Жоғарғы Соттың Төрағасы сынды аса жауапты және жоғары лауазымдарды абыроймен атқарып, халықтың құрметі мен ықыласына бөлендіңіз.

Бүгінде Қазақ Гуманитарлық Заң Университетін табысты басқарып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында маңдай теріңізді төгіп, жеңістер биігінен көрініп жүрсіз. Ұлттық заң саласының білікті де беделді маманы, үлкен ғалым ретінде жазған ондаған ғылыми еңбектеріңіз бен монографияларыңыз жас мамандар мен зерттеушілерге, сондай-ақ мыңдаған шәкірттеріңіз үшін құнды құралға, ділгір дерек көзіне айналып отыр.

Мемлекет алдындағы ерен еңбегіңіз лайықты бағаланып, «Парасат», Екінші дәрежелі «Барыс» жоғары ордендерімен марапатталып, сондай-ақ бірқатар халықаралық сыйлықтарға ие болдыңыз.

Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат және отбасыңызға береке-бірілік пен ынтымақ және барша игіліктерді тілеймін.

**Ізгі ниетпен
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Жауапты хатшысы**

Рәніл Жошыбаев



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сіз жетпістің төріне тамаша сәтте, қуатты қалпыңызбен, әсем болмысыңызбен көтерілдіңіз. Құтты болсын! Өмір жолыңыз мәдениетке, руханиятқа қызмет етуден басталып, білімге, ғалымдыққа, мемлекетке қалтқысыз қызмет етуге арнаған қайраткер тұлға ретінде қалың жұртқа кеңінен танымалсыз.

Тұңғыш Президентіміздің ерекше сеніміне ие болған ең жақын узеңгілестерінің бірі болып, Өзіңізге тапсырылған кез келген басшылық лауазымды қызметтерді ақсатпай, замандастарыңыздың алдында абыройлы атқарып, ел-жұртыңызға сыйлы болып келесіз. Қазақстанның әділ сот жүйесін қалыптастырып, тыңғылықты жолға салуда, құқықтық кеңістігімізді дұрыс бағытта өрістетуде сіңірген еңбегіңіз орасан.

Адалдығыңыз, елге жанашырлығыңыз, тынымсыз еңбекқорлығыңыз әрдайым Сізді биік белестерге жетелей берсін. Отбасыңызбен ұзақ, бақытты өмір сүруіңізге тілектеспін.

Құрметпен

Өзіңіздің

Қуаныш Сұлтанов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!



Сізді 70 жасқа толған айтулы мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Саналы ғұмырыңызды адал еңбекпен кестелеп, еліміздің гүлденуіне ерекше үлес қосып жүрген азаматтардың бірісіз. Сіздің ұзақ жылдар бойғы сот жүйесі саласындағы еңбегіңіз әріптестеріңізге үлгі болады деп сенемін. Бүгінгі таңда халық игілігі үшін атқарып келе жатқан еңбегіңіздің жемісін көре беруіңізге тілектеспін. Істеріңіз әрқашан ақ болып, сенім, мерей биігінен жарқырап көріне беріңіз!

Мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат тілеймін. Нар жолында жүк қалдырмайтын өр мінезіңіз бен еңбекқорлығыңыздың арқасында абыройыңыз асқақтай берсін!

Ізгі ниетпен,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі

комитет төрағасы

Г. Ким



Қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы!

Жемісін төгіп келген жетпіс жасқа толған мерейлі мерекеңмен Өзіңді шын жүректен құттықтаймын.

Жер жәннаты – Жетісу жерінде дүниеге келіп, жастайыңнан тағдырдың тауқыметін бір кісідей тартып өстің. Отан үшін опат болған жауынгердің баласы ретінде соғыстың зардабын жан-тәніңмен сезінсең де мойымадың, қажымадың. Еңсеңді ер көңілмен көтеріп, ел үшін ерінбей еңбек еттің.

Еңбек жолыңды қатардағы тергеушіліктен бастап, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Жоғарғы Сот төрағасына дейінгі жауапты қызметтерді абыроймен атқардың. Астанадағы Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің негізін қалап, оны Елордадағы ең сәулетті ғимараттардың біріне қоныстандырып, өзінше бір қалашыққа айналдырған ерен еңбегің де ел аузында жүр.

Халқымыздың саяси, құқықтық ойлау жүйесінің жаңа белестерін паш ететін танымдық мақалалардың, елеулі еңбектердің авторысың. Астанадағы үш бидің еңселі ескерткіші де Өзіңнің бастамаңмен тұрғызылғаны көпшілікке аян. Кешегі кемеңгер билердің көзіндегі болып, алқалы жиындарда ағыңнан жарылып, көптің көкейіндегісін тауып айтып, алғысына бөлене бер.

Қай кезде де Елбасының саясатын жан-жүрегімен қолдайтын мемлекетшіл, отаншыл тұлғалардың бірі ретінде Өзіңді құрметтеймін, сыйлаймын. «Әділет» партиясының көшбасшысы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ұлттық кеңестің мүшесі ретінде де ашық қоғам құруға аянбай еңбек етіп келесің.

Халық үшін еткен еңбектерің еленбей қалған жоқ. Заң ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп Академиясының академигі ғылыми атақтарын иеленіп, мемлекет тарапынан «Парасат» орденімен және бірнеше медалдармен марапатталдың. Үнемі тура сөйлеп, түзу жүретін, жақсы тілеулі інілерімнің бірісің. Бір басыңа тоғысқан заңгерлік, аудармашылық, жазушылық, шешендік, сазгерлік, мәмілегерлік қасиеттер Өзіңді еріксіз «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат дегізгендей.

Келінмен бірге ұл-қыздарыңның, немерелеріңнің қызығына тоймай жүре бер.

Халықтың игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңде үнемі абырой жолдас болсын. Әрдайым деніңе саулық, отбасыңа амандық тілеймін.

**Қазақстан Республикасы
Президенттік мәдениет
орталығының директоры**

Мырзатай Жолдасбеков



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінде халқыңыз өзіңізді саналы ғұмырын мемлекет пен қоғам игілігіне арнаған, еліміздің заң және құқық саласының жетілуіне, егемендік негізін қалауға өзіндік үлес қосып келе жатқан ел ағасы ретінде жақсы таниды.

Сонау еліміз тәуелсіздік тұғырына көтерілген тұстан бастап, бірқатар лауазымды қызметтерді аса жауапкершілікпен атқарып, өзіңіздің терең біліміңіз бен біліктілігіңіз, кәсіби білігіңіздің арқасында әріптестеріңіз арасында беделді, халқыңыздың алдында сыйлы азамат атандыңыз.

Осынау мемлекет пен қоғам алдындағы еңбегіңіз жоғары бағаланып, «Парасат», II дәрежелі «Барыс» ордендері мен өзге де бірқатар мемлекеттік награда, медальдармен марапатталдыңыз. Мұның барлығы да Сіздің өнегемен өрнектелген гибратты ғұмырыңыздың шырынды жемісі.

Олай болса, бүгінгі мерейлі мерейтойыңызбен тағы да құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға құт-береке, баянды бақыт тілеймін!

Құрметпен,

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жылдық мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Әйгілі билеріміз салған сара жолмен егеменді еліміздің негізін берік қалауға атсалысқан айтулы заңгердің бірі Өзіңіз. Айбынды Ата Заңымыз аясында тәуелсіз Қазақстанымызда әділдік орнатудағы еңбегіңіз орасан. Қызметтегі кәсібилікпен қатар, ғылыми әрі шығармашылық жетістіктеріңіз өз алдына бір төбе.

Құрметті судья, Қазақстан Республикасының прокуратурасының Құрметті қызметкері, мемлекеттік және халықаралық марапаттарға ие болған Құрметті азаматсыз. Сіздің маңызды оқиғалар мен елеулі кезеңдерге толы өмір жолыңыз - өскелең ұрпаққа өнеге боларлық ғұмырнама.

Сізді мерейлі тойыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, әулетіңізге амандық, ырыс пен береке тілеймін.

Құрметпен,

Маңғыстау облысының әкімі

Қ. Көшербаев



Қадірменді Мақсұт Сұлтанұлы!

Бүгінгі салтанатты мерейтойыңызбен Талдықорған қаласы жұртшылығының атынан ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Өмірден көргеніңіз бен көңілге түйгеніңіздің, ақыл-парасатыңыздың, қабілет-қарымыңыздың арқасында қадірлі елағасы атанып отырсыз. «Іздесе халық сөзіңді, осалмын деме өзіңді» демекші, айтар ұлағатыңыз бар, дүниетанымыңыз терең, сөзіңізде нәр, бойыңызда Ар бар қайраткерсіз. Сізге тұлғалық қасиет туа дарыған. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», деп қоғамда орнықты пікір қалыптастыруға, елдің заңдық негіздерін нығайтуға өзіңіздің пайымды көзқарасыңызбен әрдайым оңды ықпал етіп келесіз.

Талдықорған өңірінің халқы Сізді еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан жерлесіміз ретінде, белгілі қоғам қайраткері, көрнекті ғалым ретінде бағалайды, мақтан тұтады. Туған өлкеңіздің өркендей түсуіне қосып отырған перзенттік үлестеріңіз де ерекше еленіп, қызу қолдау мен қошеметке ие болуда.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы! Өміріңіз әрдайым баянды бақытқа, шапағатты шаттыққа, табысты еңбекке кенеле беруіне тілектеспін. Осылайша халқыңыздың құрметіне бөленіп, жүзге жетіңіз. Мерекеңіз құтты, мерейіңіз үстем болсын!

Құрметпен,

Талдықорған қаласының әкімі

С. Жылқайдаров



Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

70 жас - өмірдің асқаралы да салиқалы асуы. Сіз бұл жасқа өнегелі өмірлік тәжірибемен, иісі қазаққа танымалы белгілі тұлға ретінде келіп отырсыз. Құқық саласында ұзақ жыл жемісті қызмет істеген Сіз еліміз тәуелсіздік алған соң жас мемлекетімізді құқықтық жағынан нығайтуға өлшеусіз үлес қостыңыз. 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының мемлекеттік құқықтық бөлімінің сектор меңгерушісі, 1995 жылы еліміздің Бас прокуроры, 1996 жылы Жоғарғы Сот төрағасы, 2003 жылы демократия мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі болып қызмет істеген кездердегі Сіздің біліміңіз бен білігіңіз, өмірлік тәжірибеңіз мемлекет ісіне жұмсалғаны осы ойымыздың дәлелі. Қазақ гуманитарлық заң академиясын басқарған жылдарыңызда еліміз үшін жүздеген білікті заңгерлер даярлап шығардыңыз.

Сіз қоғамдық өмірде де белсенділігіңізбен көзге түсіп келесіз. 2001 жылы Сіз құрған «Құқықтық Қазақстан үшін» қоғамдық бірлестігінің басты міндеті де елімізді құқықтық жағынан нығайтуға бағытталғаны белгілі. «Әділет» партиясының жетекшісі есебінде де елімізде әділеттілік пен құқықтық демократия үшін күресіп келе жатқан көрнекті қайраткерлердің бірі де бірегейі өзіңізсіз.

Қымбатты Мақсұт Сұлтанұлы! Еліміздің құқықтық және қоғамдық өмірінде өзіндік орны бар көрнекті тұлға, белгілі ғалым, ардагер азамат ретінде әлі де бергеніңізден береріңіз көп. Сізден халқымыз сол жемістерді күтеді.

Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық тілеймін.

**Ізгі ниетпен,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
ректоры, профессор**

С.Ж. Пірәлиев



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ұжымы атынан Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның құқықтық құрылымының, ғылымы мен білімінің ірі ұйымдастырушысы, іскер басшысы, бүкіл ғалам таныған көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері ретінде еліміздің дамып, гүлденуіне орасан зор үлес қосып жүрген өзіңізді айрықша мақтаныш етеміз.

Қазақстан Республикасының құқық саласын өркендетуге министрлікті басқара жүріп және осы бағытқа қажетті білікті мамандарды даярлауға ректор ретінде сіңірген еңбектеріңіз зор. Сізді үлгі тұтар ұрпақтың алдында шынайы адамгершіліктің, биік азаматтықтың, арлылық пен тазалықтың айнасы деп танимыз. Еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында Сіз елеулі еңбек атқарып келесіз. Қазіргі Қазақстан қоғамында, еліміздің өркениетке қарай ілгері даму жолында Сіз даусыз ірі тұлғасыз.

Сіздің ғылымға сіңірген еңбегіңіздің нәтижесі ұшан-теңіз. Күн нұры болмаса, гүлдің өспейтіні секілді өзіңіздің қамқорлығыңыздың арқасында ғылым құған талай жастың жолы ашылып, ТМД елдері мен егеменді елімізде қызмет етіп келеді және көптеген маман-ғалымдарды әзірлеген үлкен мектептің ғылыми жетекшісісіз. Мұны еңбегіңіздің ақталғаны, жемісі мен жеңісі деп түсінеміз.

Сіздің белсенді өмірлік позицияңыз, жаңашылдыққа деген қабілеттілігіңіз, еңбексүйгіштігіңіз, әрбір істі мемлекеттік деңгейде мән бере отырып шешетініңіз, басқаға деген көзқарасыңыздың қамқорлыққа толы болуы өз бойыңызға жарасып тұрады. Білім мен ғылым саласында еңбегіңіздің арқасында халықаралық түрлі атақ-дәрежеге ие болдыңыз.

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы! Бүгінгі жұлдызды күніңізде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, асқақ абырой тілеймін. Балашағаның қызығына бөленіп, бақыт құшағына кенеліңіз. Осынау бір кемел шағыңызда егемендік алған туған халқыңыздың болашағы үшін табысты еңбек өріне шыға беруіңізге тілектеспін. Мерейлі мерекеңіз құтты болсын.

**Ізгі ниетпен,
ҚазҰАУ ректоры,
Қр ҰҒА академигі**

Т. Есполов



Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы!

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы атынан сізді 70 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сізге қажымас қайрат, зор денсаулық, ұзақ тамағыналы гұмыр, толағай табыс тілеймін.

Мемлекетіміздегі құқықтық заңдылықтардың жасалуы мен сақталуына қосқан үлесіңіз зор деп білемін. Осы саланың мамандарын даярлау жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын дегім келеді.

Отанға қызмет етер шәкірттеріңіз көп болсын. Халық сіздің және басқаруыңыздағы ұжымның ел болашағы үшін жасап жатқан еңбектерін жоғары бағалап құрметтейді.

Еңбекте ірі табыстарға жетіп, әрдайым халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүре бергейсіз.

Мерейіңіз әрқашан үстем болсын. Отбасыңызға амандық тілеймін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік

Университеті президенті,

ҚР ҰҒА құрметті академигі,

Техн.ғ.д., профессор

Л.Т. Ташимов



Аса қадірлі Мақсұт Сұлтанұлы!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Өзіңіз еліміздегі құқық саласын әлемдік деңгейге көтерілуіне зор үлес қосып жүрген заңгер-ғалымсыз, ел таныған қоғам қайраткерсіз.

Еліміздегі іргелі оқу орны – Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің негізін қалап, заң мамандарын дайындауда табысты еңбек атқарып жүрсіз. Астана қаласының төрінен орын алған оқу орны елімізде ғана емес, шетелде де кеңінен танымал. Қазақстандық білім беру саласында үздік атанып келе жатқан университеттеріңіз күннен-күнге қанатын кеңге жаюда.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құқық саласын қалыптастыруда өзіндік қолтаңбаңыз бар. Сот және прокуратура саласын басқарған шақтарыңыз қалың жұртышылыққа аян. Халық арасында зор сенім мен ілтипатқа бөленіп, ел ағасы атанудасыз. Осының барлығы Сіздің қажырлы еңбегіңіздің жарқын айғағы. Сіздің мемлекеттік атақ-абыройларыңыз мемлекеттің өркендеуіне сіңірген қажырлы еңбектеріңіздің көрінісі. Өзіңіз жауапты қызметте жүре отырып, заң саласында түрлі мәселеге қалам тербеткен тұлғасыз. Қаламыңыздан туындаған «Ұлы билерімізден жоғары сотқа дейін», «Тұғыры берік туған ел», «Ұлы тарихпен бетпе-бет», «Бақыттың қиын баспалдақтары» атты еңбектеріңіз халқымыздың рухани қазынасына қосылған үлкен үлес деп білеміз.

Ұрпақ тәрбиелеген аяулы да парасатты әкесіз. Перзенттеріңіздің қызығын қызықтап, ұзақ ғұмыр сүруіңізге тілектеспін!

Сізге зор денсаулық, мол бақыт, шаңырағыңызға шырайлы шаттық, ел игілігі жолында атқарып жатқан жауапты қызметіңізге табыс тілеймін.

**Құрметпен,
Шәкәрім атындағы Семей
мемлекеттік университетінің
ректоры**

Ерлан Сыдықов



*Statement on the 70th Birthday of Rector Maksut
Narikbayev*

U.S. Ambassador Richard Hoagland

It is a great honor for me to congratulate Rector Maksut Narikbayev on his 70th birthday. Rector Narikbayev has had a distinguished political and legal career since Kazakhstan became independent, including serving in the Presidential Administration, as Kazakhstan's Prosecutor General, and as Supreme Court Chairman.

Since 2000, as Rector of the Humanities and Law University, Narikbayev has built a strong institution that is strengthening legal education in Kazakhstan. Through its current OSCE Chairmanship and its growing international leadership, Kazakhstan needs institutions like the Humanities and Law University to establish deep respect for the rule of law in all areas of life, moving Kazakhstan ever further from the pre-Independence atmosphere of suspicion and distrust of legal authorities. As a great intellectual and humanitarian, Rector Narikbayev has built an institution in Astana that will have a positive effect on Kazakhstan far, far into the future.

As U.S. Ambassador, I would like to thank Rector Narikbayev for the close cooperation that has developed between the Humanities and Law University and the U.S. Embassy in Astana. Our growing ties and close cooperation are a direct reflection of the strong strategic partnership that exists between Kazakhstan and the United States. I look forward to an even closer relationship in the future between our two institutions and our two nations, and I wish Rector Narikbayev, along with all who are associated with the Humanities and Law University, happiness, health, and continued good fortune.



***Поздравление
Посла Соединенных Штатов Америки
в Республике Казахстан
Ричарда Хоугланд***

Для меня большая честь поздравить Президента КазГЮУ Максута Нарикбаева с 70-летним юбилеем.

Со времени обретения Казахстаном независимости, у профессора Нарикбаева была блистательная политическая и юридическая карьера, включая службу в Администрации Президента, должность Генерального прокурора РК и Председателя Верховного суда.

Являясь ректором Казахского Гуманитарно-Юридического Университета с 2000 года, М. Нарикбаев построил сильное учебное заведение, которое является лидером юридического образования в Казахстане. В рамках председательства в ОБСЕ и растущего международного признания, Казахстан нуждается в таких вузах, как Казахский Гуманитарно-Юридический Университет, чтобы установить глубокое уважение к законам во всех сферах жизни и рассеять атмосферу подозрения и недоверия к юридическим органам.

Как Посол США, я благодарю профессора Нарикбаева за тесное сотрудничество, установившееся между КазГЮУ и Посольством США в Астане. Наши прочные связи и тесное сотрудничество являются результатом прочного стратегического партнерства между Казахстаном и Соединенными Штатами. Я надеюсь, что отношения между нами и нашими нациями в будущем станут еще дружественнее, и я желаю Вам, профессор Нарикбаев, а также всем кто связан с Казахским Гуманитарно-Юридическим Университетом, счастья, здоровья и удачи!



Уважаемый Максут Султанович!

Примите искренние поздравления с юбилеем – 70-летием со дня рождения.

Вас знают как вдумчивого и ответственного политика, обладающего большим опытом государственной деятельности, умеющего принимать взвешенные решения, всегда и во всем стремящегося принести максимальную пользу Родине. Профессионализм, глубокие и разносторонние знания,

целеустремленность, жизненная мудрость, отзывчивое и внимательной отношение к людям снискали Вам авторитет и всеобщее уважение.

Уверен, что поддержка и искренняя любовь коллег, учеников и близких людей будут способствовать достижению Вами новых успехов в научной и преподавательской деятельности, осуществлению всех намеченных планов и замыслов.

Желаю Вам крепкого здоровья, счастья, мира, благополучия и всего самого доброго.

Председатель Совета Федерации

Федерального собрания Российской Федерации

С.М. Миронов

Дорогой Максут Султанович!

От имени Партии **СПРАВЕДЛИВАЯ РОССИЯ** сердечно поздравляю Вас с 70-летием со дня рождения!

Вы внесли значительный вклад в становление современного Казахстана, занимая посты Генерального прокурора и Председателя Верховного Суда Республики Казахстан. И сегодня Вы продолжаете активно работать во имя развития и укрепления Республики и улучшения отношений с Россией.

Между нашей партией и Демократической партией «Адилет» установились близкие дружественные отношения. При Вашем непосредственном участии был проведен ряд совместных мероприятий, намечены перспективы дальнейшего взаимодействия. Надеюсь, что в будущем наше сотрудничество будет только развиваться и крепнуть.

В день Вашего юбилея хочу пожелать успехов Демократической партии «Адилет» в борьбе за будущее казахского народа, за стабильный и процветающий Казахстан!

От всей души желаю Вам и Вашим близким крепкого здоровья, долголетия, успехов в работе, счастья и радости!

Председатель политической партии

Справедливая Россия

С.М. Миронов



Уважаемый Максут Султанович!

Примите самые добрые, теплые и душевные поздравления по случаю Вашего дня рождения!

От всего сердца желаю Вам крепкого здоровья, долгих лет жизни, успеха и процветания, бодрости духа и хорошего настроения!

Желаю Вам крепкого здоровья, долгих лет жизни, бодрости духа, благополучия Вам, Вашим родным и близким, и пусть счастье никогда не покидает ваш дом!

*Заместитель председателя комитета
Государственной думы по делам СНГ
и связям с соотечественниками,
доктор юридических наук, профессор,
генерал-майор милиции*

Т.Н. Москалькова



Глубокоуважаемый Максут Султанович!

От имени Санкт-Петербургского государственного университета и от себя лично искренне поздравляю Вас с Вашим юбилеем!

Восхищен Вашим уникальным опытом профессиональной деятельности на научном, образовательном, судейском и политическом поприще!

Пример создания уникального научного и образовательного центра Казахского гуманитарно-юридического университета не имеет precedентов на постсоветском пространстве! Вы вправе гордиться точностью выбранной стратегии и эффективностью работы, проделанной Вами и собранной Вами командой единомышленников!

Признательны за оказанную честь сотрудничества с Вами, которое, как мы надеемся, будет развиваться и обогатит партнеров новыми возможностями и заметными результатами!

В этот знаменательный день, глубокоуважаемый Максут Султанович, позвольте пожелать Вам крепкого здоровья, счастья и благополучия Вам и Вашей семье, дальнейших творческих и профессиональных успехов в Вашей научной и общественной деятельности

Ректор Санкт-Петербургского государственного университета

Н.М. Кропачев

**Уважаемый Нарикбаев Максут Султанович!**

Мне очень приятно поздравить Вас с 70-летним юбилеем. Я также очень рада адресовать Вам по этому случаю самые искренние поздравления за честь, которую тем самым Вам оказывают все которые столкнулись с Вами и которой Вы достойны. Юбилей это момент когда можно задержаться и подвести итога. В момент Вашего юбилея неопределимо задумываемся о том, что только человек со множеством духовных достоинств и преимуществ сильного характера мог достичь столь большой жизненный и профессиональный опыт и успех. Вся страна гордится Вами и мы в Польше наблюдаем за вашими достижениями. Вместе в Казахстане испытываем чувство гордости за успехи, достигнутые Вами. Желаю долго и успешно вести научную, исследовательскую, педагогическую и организаторскую деятельности в пользу очередных поколений представляющих собой будущее страны. Дорогой Господин Нарикбаев Максут Султанович, заверяю в моем большом уважении и почтении к Вам.

Счастья и благополучия во всех сферах жизни!

Профессор Дарья Наленч

Ректор Высшей Школы Торговли и Права им. Ричарда Лазарского в Варшаве.

Уважаемый Максут Султанович!

Сочтем за честь передать Вам поздравления с юбилеем. Тысячи нитей связывают историю Казахстана и Украины. Страницы истории наших стран во многом схожи, много биографий и судеб переплелось. Без сомнения, огромный и наиболее ответственный вклад в развитии и становлении дружбы между двумя нашими странами принадлежит вам – учащимся-первопроходцам, которые в далекие 50-годы получили на Украине вместе с первой рабочей профессией путевку в жизнь. Мы благодарны Вам за Ваши чувства к городу Прометя, к родному училищу.

Пусть Ваш юбилей станет точкой опоры, фундаментом, основой новых свершений в Вашей творческой биографии.

**С глубоким уважением,
Директор Днепродзержинского
высшего профессионального училища**

В.В. Неклеса